

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 60 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 сәуірде № 13657 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында (бұдан әрі – Академия) білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидалары бекітілсін.

2. Академияның Ректоры Ұ.С. Байжанов:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он жұмыс күні ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д. Меркельге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры*

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 60 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында білім алушылардың кәсіби практикадан және тағылымдамадан өтуін ұйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1 бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының (бұдан әрі – Академия) магистратурасы және докторантурасында білім алушылардың кәсіптік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру мен өткізу Академияның кафедра меңгерушілеріне, Академияның оқу-әдістемелік жұмыс және халықаралық ынтымақтастық бөлімшелерінің басшыларына, сонымен қатар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Институты директорына жүктеледі (бұдан әрі – ЖООКБИ).

4. Кәсіптік практика және тағылымдама қорытындысы Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі - ОӘК) отырысында қарастырылады.

5. Білім алушылар кәсіптік практика және тағылымдамадан өту кезінде қабылдайтын ұйымның ішкі жұмыс тәртібінің ережесін сақтайды.

2. Кәсіптік практикадан өту тәртібі және ұйымдастырылуы

6. Кәсіптік практика "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - МЖБС) өткізіледі.

Практикадан өту мерзімі академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

Кәсіптік практика мынадай түрлерге бөлінеді: педагогикалық, зерттеу, өндірістік.

Кәсіптік практика теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізіледі. Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Барлық практика түрлерінің (тағылымдамалардың) ұзақтығын Академия дербес анықтайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Практика көлемі мен еңбек сыйымдылығы МЖМБС талаптарына сәйкес Академия дербес анықтайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Кәсіптік практиканың тиісті базасы айқындалатын кәсіптік практикадан өтудің әрбір түрінің мақсаты, міндеті және бағдарламасы болады.

8-1. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде кәсіптік практиканы академиялық кезеңнен тыс та, академиялық кезеңмен қатар да енгізуге болады.

Ескерту. 2-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Академия кәсіптік практикадан өту туралы кәсіптік практиканың әрбір түрі бойынша құжаттарды әзірлейді.

10. Кәсіптік практиканы өткізу үшін базалар ретінде (бұдан әрі - практикалар базасы) кадрларды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін құқық қорғау органдары, өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар және мекемелер анықталады.

Академия ректорының бұйрығымен ЖООКБИ-дың тиісті кафедрасына кәсіптік практиканы ұйымдастыру бекітіледі (бұдан әрі – жауапты кафедра).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Кәсіптік практика:

1) құқық қорғау органдарының және (немесе) өзге мемлекеттік органдардың базасында олардың жазбаша растауы негізінде;

2) ұйымдар және мекемелер базасында Академия және практика базалары арасында жасалған шарттар (меморандумдар, келісімдер) негізінде өткізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Кәсіптік практиканы өткізу үшін ЖООКБИ-дың директоры практика базаларымен келісілген бағдарламаны бекітеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Кәсіптік практика бағдарламасы, кадрларды даярлау бағытын, практика базаларын ұйымдастыру қызметінің сипатын ескере отыра жауапты кафедрамен әзірленеді және ОӘК отырысында қарастырылады.

Кәсіптік практика бағдарламасының мазмұнын және құрылымын Академия дербес анықтайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Кәсіптік практиканың бағдарламасы кадрларды даярлау бейінін, кәсіптік практика түрінің және білім беру бағдарламасының ерекшелігін айқындайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Практикадан өтуді бастамас бұрын білім алушыларды кәсіптік практика бағдарламасымен, есеп құжаттамасына қойылатын талаптармен таныстырылатын жауапты кафедраның отырысы өткізіледі.

Отырыс нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

17. Кәсіптік практиканы өтуі үшін білім алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практикадан өтудің жеке жоспарын құрастырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Кәсіптік практиканы өту бойынша білім алушыларға Академияның жауапты кафедраларынан және практика базаларынан жетекшілер тағайындалады.

Жетекшілердің қызметтері, міндеттері мен жауапкершіліктерін Академия және практика базалары өздігінше немесе келісім бойынша анықтайды.

19. Білім алушыларды кәсіптік практикаға жіберу практикадан өту мерзімі, базасы, жетекшісі көрсетіле отырып Академия ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Кәсіптік практикадан өту қорытындысы бойынша білім алушылар Академияның кәсіптік практика жетекшісі тексеретін есеп дайындайды. Тексеру қорытындысы бойынша Академия жетекшісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде кәсіптік практика жетекшісінің пікірін дайындайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 10.07.2019 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Практика базаларының жетекшілері білім алушылардың кәсіптік практикасын аяқтағаннан кейін Академияға ұсынылатын кәсіптік практика нәтижесі туралы, жеке жоспардың орындалуы туралы жазбаша түрде пікір дайындайды.

22. Білім алушылардың кәсіптік практика нәтижесі туралы есебін жауапты кафедра меңгерушісі және оның оқытушыларынан, кәсіптік практика жетекшілерінен тұратын ЖООКБИ директорымен құрылатын комиссия қарастырады.

Комиссия отырысына ұсынылған есепті қорғау үшін білім алушылар шақыртылады. Есепті қорғау нәтижесі балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

23. Кәсіптік практикадан өту бойынша бағалары кәсіптік практика базаларының жетекшілерінің бағаларын есепке ала отыра яғни қорытынды баға 40% құрайды, және есепті қорғау қорытындысы бойынша комиссияның бағалауы 60% құрайды. Әрбір баға 100 балдық шкала бойынша қойылады.

24. Білім алушының кәсіптік практикадан өтуі бойынша есептік құжаттары (кәсіптік практикадан өту туралы жеке жоспар, есебі, практика жетекшісінің пікірі) Академияда оның оқуы аяқталғаннан кейін екі жыл бойы кафедрада сақталады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Кәсіптік практика бағдарламасы, кәсіптік практиканың жеке жоспары талаптарын орындамаған, кәсіптік практикадан өту базасынан теріс пікір алған немесе есепті қорғаған кезде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар келесі академиялық кезеңде теориялық оқумен қатар немесе жазғы (қосымша) семестрде осы практика түрін қайта өтуге жіберіледі.

26. Сырқаттануына немесе басқада себепті жағдайларға байланысты курспен бір мезгілде кәсіптік практикадан өтпеген білім алушылар Академия Ректорының бұйрығына сәйкес басқа уақытта өтеді.

3. Педагогикалық практиканы өткізу және ұйымдастырудың әдістемелік қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар

27. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада және докторантурада білім алушылардың педагогикалық практикасы МЖБС, білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Магистранттардың педагогикалық практикасы басқа ЖОО-лардың базасында өткізіледі. Докторанттар үшін педагогикалық практиканы ЖОКБИ-дың базасында өтуге жол беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Педагогикалық практиканы өткізу мақсаты практикалық дағдылар мен оқыту әдістерін қалыптастыруға бағытталған.

30. Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей жүзеге асырыла отыра магистранттар мен докторанттар бакалавриатта және магистратурада сабақтар жүргізуге тартылады.

31. Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеру;
- 2) оқу-тәрбиелік және оқыту жұмысын өзі меңгеру қабілеті мен дағдысы;
- 3) педагогикалық зерттеудің дағдыларын игеру.

32. Педагогикалық практика бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Зерттеу практикасын өткізу мен ұйымдастырудың әдістемелік қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар

33. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада және докторантурада білім алушылардың зерттеу практикасы МЖБС, білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес өткізіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін игере отыра, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу мақсатында өткізіледі.

35. Зерттеу практикасының негізгі міндеті зерттеулердің заманауи әдістемесін игеру

36. Зерттеу практикасының базалары:

1) Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығында тіркелген немесе Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ЖОКБИ-дың кафедралары;

2) Академияның ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты;

3) ғылыми-зерттеу орталықтары, ЖОО институттары;

4) ведомстволық ЖОО ғылыми-зерттеу институттары болып табылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Зерттеу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына , диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес әзірленеді және ғылыми зерттеулер өткізу дағдыларын игеруге бағытталған.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Зерттеу практикасының мазмұны білім алушылардың диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

5. Өндірістік практиканы өткізу мен ұйымдастырудың әдістемелік қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар

39. Бейіндік бағыт бойынша магистратурада және докторантурада білім алушылардың өндірістік практикасы МЖБС, білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Өндірістік практиканың мақсаты оқу барысында алған теориялық білімдерін бекіту, оқытылатын кадрларды даярлау бағыты бойынша тәжірибелік дағдыларды, күзиреттіліктерді және кәсіптік қызмет тәжірибесін меңгеру болып табылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Өндірістік практиканың негізгі міндеті болып табылады:

1) кәсіби біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру;

2) кәсіби қызметтің озық әдістерін меңгеру;

3) ұйымдастырушылық тәжірибе алу.

42. Өндірістік практика бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына, диссертацияның (жобаның) тақырыбына сәйкес әзірленеді және білім алушының кәсіби

дағдыларын қалыптастыруға және біліктілік талаптарына сәйкес арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Өндірістік практиканың базалары бейіндік бағыттағы магистратура және докторантура білім алушыларының зерттеу тақырыптарын ескере отырып, құқық қорғау органдары және (немесе) басқа да мемлекеттік органдар, ұйымдар және мекемелер болып табылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Өндірістік практикасының мазмұны диссертацияның (жобаның) тақырыбымен анықталады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тағылымдамадан өту тәртібі мен мерзімдері

45. Магистранттардың тағылымдамадан өтуі оқу жылының екінші және төртінші семестр аралығында, докторанттардың тағылымдамадан өтуі оқу жылының екінші мен алтыншы семестр аралықтарында жүргізіледі.

45-1. Теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей тағылымдамадан, оның ішінде қашықтан өтуге жол беріледі.

Ескерту. 6-тарау 45-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

46. Тағылымдама МЖБС, білім беру бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес өткізіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Тағылымдама диссертациялық зерттеу тақырыптарын есепке ала отырып:

1) мемлекеттік және (немесе) құқық қорғау органдарында олардың жазбаша растауы негізінде;

2) Қазақстан Республикасының білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдарында және (немесе) шет мемлекеттерде Академия мен көрсетілген білім беру және (немесе)

ғылыми ұйымдар арасында жасалған шарттарға (меморандумдарға, келісімдерге) сәйкес немесе білім алушылардың жеке шақырулары негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, ел ішіндегі білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдардағы тағылымдама базаларының тізбесін жауапты кафедра жасайды.

Шет мемлекеттердегі тағылымдамалар базаларының тізбесін Академияның халықаралық ынтымақтастық бөлімшесі (бұдан әрі – бөлімше) жасайды.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Тағылымдама базалары білім беру бағдарламаларының ғылыми бағытына, диссертациялық зерттеу тақырыбына, материалдық-техникалық базаға сәйкес, сондай-ақ білікті профессорлық-оқытушылық құрамды, ғылыми қызметкерлерді және практикалық қызметкерлерді ескере отырып анықталады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48-1. Тағылымдама бағдарламасын кадрларды даярлау бағыттарын ескере отырып жауапты кафедра әзірлейді және ОӘК отырысында қаралады.

Ескерту. Қағидалар 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Білім алушы тағылымдамадан өту үшін ғылыми жетекшінің (ғылыми кеңесшінің) қатысуымен осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспар жасайды, ол тағылымдама базасымен келісіледі және жауапты кафедра отырысында қаралады.

Білім алушы шетелдік тағылымдамадан өту кезінде тағылымдамадан өту жоспарын шетелдік тағылымдамадан өту базасымен тағылымдаманың кезеңін, мерзімін, орнын және тақырыбын келісу үшін бөлімшеге береді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Тағылымдамадан өту базасымен білім алушыларды тағылымдамаға қабылдау расталған жағдайда, жоспар Академия ЖОКБИ-ы директорымен бекітіледі.

Шетелдік тағылымдамадан өту кезінде бекітілген жоспар бөлімшеге тағылымдаманың болжамды кезеңіне дейін кемінде 4 апта (таяу шетел) және 6 апта (алыс шетел) бұрын жіберіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Білім алушы тағылымдаманы шет елде өту кезінде ЖОКБИ оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

1) Академия ректорының атына ғылыми жетекшінің/кеңесшінің, кафедра меңгерушісінің, ЖОКБИ директорының және Академияның жетекшілік ететін проректорының қолы бар баянат;

2) тағылымдамадан өту үшін тағылымдамадан өту базасынан мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шақыру-хаттың көшірмесі (қажет болған жағдайда);

3) тағылымдамадан өту жоспарын ұсынады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-1. Білім алушылар мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, ел ішіндегі білім беру және (немесе) ғылыми ұйымдарда тағылымдамадан өткен кезде жауапты кафедра ЖОКБИ-ның оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

1) тағылымдамадан өту үшін тағылымдама базасынан шақыру-хаттың көшірмесі;

2) тағылымдамадан өту жоспарын ұсынады.

Ескерту. Қағида 51-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Білім алушыны тағылымдамаға жіберу тағылымдама басшыларын, өту базасы мен мерзімдерін көрсете отырып Академия ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Білім алушылар Қазақстан Республикасынан тысқары шығуға бес жұмыс күні қалғанда мемлекеттік құпияны сақтау бойынша Академияның бөлімшесінде нұсқаулықтан өтеді.

54. Алыс шетелге шығатын болса визаларды ресімдеу Бөлімшемен қамтамасыз етіледі.

55. Білім алушылар тағылымдамадан өту кезеңінде қабылдайтын білім беру және (немесе) ғылыми ұйымының Жарғысын сақтайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Сырқаттануына немесе басқада себепті жағдайларға байланысты тағылымдамадан өтпеген білім алушылар Академия Ректорының шешімімен кейінгі мерзімге ауыстырылады.

57. Білім алушылар тағылымдаманы аяқтағаннан кейін ЖОКБИ-дың оқу-әдістемелік жұмыс бөлімшесіне тағылымдамадан өткенін растайтын құжатты (сертификат, куәлік, анықтама және т.б.) ұсынады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Білім алушы тағылымдама аяқталғаннан кейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдамадан өткені туралы есеп жасайды.

Есеп ғылыми жетекшімен (кеңесшімен), жауапты кафедра меңгерушісімен расталады.

Білім алушының тағылымдама нәтижелері туралы есебін жауапты кафедра меңгерушісі және оның оқытушылары арасынан ЖОКБИ директорымен құрылған комиссия қарайды.

Есепті қорғау үшін білім алушы комиссия отырысына шақырылады. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім алушылардың
кәсіптік практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру және
одан өту Қағидаларының
1-қосымшасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 10.07.2019 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы

Құқық қорғау органдарының академиясы

Кәсіптік практикадан өтудің жеке жоспары

(магистранттың/докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Практиканың басталуы: 20__ж. "____" _____

Практиканың аяқталуы : 20__ж. "____" _____

Практика базасы _____

№	Жұмыстың атауы*	Өткізу мерзімі	Орындалуы туралы белгі	Аяқтау нысаны

Кафедра отырысында талқыланды және мақұлданды _____

20__ж. "____" _____ №__ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____

(сыныптық шені, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Магистрант (докторант) _____ 20__ж. "____" _____

Практика жетекшісі _____ 20__ж. "____" _____

* Жұмыстың атауы практика түрін ескере отырып, құрастырылады.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім алушылардың
кәсіптік практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру және
одан өту Қағидаларының
2-қосымшасы

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім алушылардың
кәсіптік практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру және
одан өту Қағидаларының
3-қосымшасы

Нысан

Кәсіптік практика жетекшісінің пікірі

Кәсіптік практика жетекшісі _____

" ____ " _____ 20__ ж.

Магистрант/докторант _____

" ____ " _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім
алушылардың кәсіптік
практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру
және одан өту қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты Тағылымдамадан өту жоспары _____ (білім алушының тегі, аты, әкесінің (бар болған жағдайда))

Білім беру бағдарламасы _____

1	Өтетін ел	
2	Ұйым	
3	Өту мерзімі	
4	Тақырыбы	
5	Өзектілігі мен жаңалығы	
6	Мақсаты	
7	Міндеттері	
8	Зерттеу объектісі	
9	Күтілетін нәтижелер	

Тағылымдамадан өту кестесі

№	Іс-шара атауы	Іс-шараны өткізу мерзімі	Зерттеуде қолданылатын технологиялар мен әдістер	Есеп беру нысаны
---	---------------	--------------------------	--	------------------

Кафедра отырысында қарастырылды

20__ ж. " ____ " _____ № __ хаттама

Магистрант/докторант Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Ғылыми жетекші/ғылыми кеңесші Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Кафедра меңгерушісі Т.А.Ә. (болған кезде) _____

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім алушылардың
кәсіптік практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру және
одан өту Қағидаларының
5-қосымшасы

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 08.06.2022 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясында білім алушылардың
кәсіптік практикасын және
тағылымдамасын ұйымдастыру және
одан өту Қағидаларының
6-қосымшасы

Нысан

Тағылымдамадан өту туралы магистранттың/докторанттың есебі

Құқық қорғау органдары академиясы магистранты/докторантының есебі кафедра отырысында талқыланды және мақұлданды

20__ ж. " __ " _____ № " __ " хаттамасы

Кафедра меңгерушісі _____ Т.А.Ә. (болған кезде)

Магистрант /докторант _____

" __ " _____ 20__ ж.

Тағылымдама жетекшісі _____
" ____ " _____ 20__ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК